



Маңғыстау облысының
адвокаттар алқасы мүшелерінің
2018 жылғы 30 карашадағы
жалпы жиналышсымен
БЕКІТІЛДІ

Маңғыстау облысының адвокаттар алқасының ЖАРҒЫСЫ

Ақтау қаласы 2018 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Маңғыстау облысының адвокаттар алқасы (*әрі қарай -Алқа*) 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 50-бабының 3-тармағына сәйкес құрылған.

2. Алқа атауы:

- мемлекеттік тілде:

«Маңғыстау облысының адвокаттар алқасы» адвокаттар алқасы;

- орыс тілінде:

Коллегия адвокатов «Коллегия адвокатов Мангистауской области»;

Адвокаттар алқасының мекен-жайы: 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5 шағын аудан, 7 үй, 16 пәтер.

3. Алқаны құру үшін мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді. Алқаның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

4. Алқа заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының өзге заннамалық актілерінің және осы Жарғы негізінде әрекет етеді.

5. Алқа басқа облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктер) құруға құқығы жоқ.

6. Алқаның банктерде жеке теңгерімі, есеп айырысу валюталық және өзге есептері, жеке мөрі, мөртабандары және мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдеріндегі өз атауы белгіленген бланкілері және Алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) (*бұдан әрі - Жалпы жиналыс (Конференция)*) бекіткен эмблемасы болады.

7. Алқа - алқа мүшелерінің қарыздары мен міндеттемелері үшін жауапты емес. Алқа мүшелері Алқаның қарыздары мен міндеттемелері үшін жауапты емес.

8. Алқа Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңында көрсетілген тәртіpte және шарттарда Республикалық адвокаттар алқасының құрамына кіреді.

2. АЛҚА ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

1. Алқа - жеке және заңды тұлғаларға білікті заңгерлік көмек көрсету, адвокаттардың заңды мүдделерін білдіру және корғау үшін Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңымен және осы жарғымен белгіленген басқа да функцияларды атқару үшін құрылған адвокаттардың коммерциялық емес тәуелсіз кәсіби өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Алқа қызметінің мәні - мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу, олардың құқықтары мен бостандығын қорғау, құқықтық көмек алуды және дауларды бейбіт жолмен шешуді қамтамасыз ету. Осы мақсатта алқа адвокаттардың қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу дегі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінде, дауларды бейбіт жолмен реттеуге, жан-жақты әлеуметтік-құқықтық көмекті қамтамасыз етуге құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және ұсыну үшін адвокаттардың қызметін ұйымдастырады адвокаттардың ерікті түрде заңгерлік көмек көрсетуі, сондай-ақ адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуіне қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Алқа қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) алқа мүшелерін қорғау, адвокаттық қызметті атқаруға кәсіптік көмек көрсету;
- 2) алқа мүшелерінің қызметін материалды техникамен, жабдықтармен анықтама-ақпаратпен қамтамасыз ету;
- 3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;
- 4) ҚР заң актілерінде көрсетілген негізде тегін заң көмегін көрсету мен қорғауды ұйымдастыру;

3.АЛҚА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Адвокаттар алқасы мүшесінің:

- 1) адвокаттар алқасы, оның органдары мен лауазымды адамдары тарарапынан берілетін жәрдемді, кәсіптік көмек пен қорғауды пайдалануға;
- 2) адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;
- 3) адвокаттар алқасы органдарының алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасының органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар ұсынуын талап етуге;
- 4) өзінің қызметін немесе мінез-құлқын адвокаттар алқасының органдары тексерген және талқылаған барлық жағдайларда оған жеке өзі қатысуға;
- 5) адвокаттар алқасының жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда оның мүлкін пайдалануға;
- 6) адвокаттар алқасының құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар.

2. Адвокаттар алқасының мүшесі:

- 1) адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын сактауға;
- 2) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы жиналышының (конференциясының), Республикалық адвокаттар алқасының және олардың органдарының шешімдерін орындауға;
- 3) мүшелік және нысаналы журналар төлеуге;
- 4) адвокаттар алқасының төралқасына көрсетілген заң көмегі туралы статистикалық мәліметтер ұсынуға;

5) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда лицензиарға адвокаттық қызметпен айналысуга арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге;

6) адвокаттар алқасының төралқасына өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлауға;

7) адвокаттар алқасының төралқасына жеке және заңды тұлғалардың өзі көрсеткен заң көмегінің сапасына берген жолданымдары бойынша тексеру үшін кажетті материалдарды ұсынуға міндettі.

3. Адвокаттар алқасының мүшелікі адвокаттар алқасының алдында, мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу міндettемесінен басқа, өзге біржакты мұліктік міндettемелер жүктей алмайды.

4. Адвокаттар алқасының мүшелері өздерінің құқықтары мен міндettтері бойынша тең болады.

4. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібі

4.1 Алқа мүшелігіне қабылдау тәртібі

1. Адвокаттар алқасына мүшелік міндettі болып табылады. Жоғары заңгерлік білімі бар, адвокаттық қызмет атқаруға берілген лицензиясы бар Төралқа бекіткен құжаттар тізімі толық жинақталған Қазақстан Республикасының Алқа мүшелігіне, Қазақстан Республикасы азаматының өтініші негізінде қабылданады.

Кіру жарналарына тыйым салынады.

Төралқа Төрағасы Алқа мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы біржакты шешім қабылдай алмайды.

2. Өтінішті қарағанға дейін Алқа кандидат ұсынған құжаттардың дұрыстығын тексеруге және алынған өтініш туралы негізді шешім қабылдау үшін кажетті өзге де ақпарат жинауға құқылы.

3. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша Төралқа Алқа мүшелігіне қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы негізді шешім қабылдайды.

Келесі мән-жайлар анықталған жағдайда алқа мүшелігіне қабылдау туралы арызға бас тартылады:

- сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сottалғандығының болуы;
- қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл өтпегендігі;
- теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік

органдардан шығарылған, сондай-ақ судья лауазымынан босатылған адам шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл өтпегендігі;

- әкімшілік сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл өтпегендігі;
- адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылғандығы;
- теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығарылғанына үш жылдан аз уақыт өткен тұлға;
- шетел азаматтығының болуы;
- адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиясының Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 43-бабының 2-4-тармақтарына сәйкес тоқтатылған тұлға;
- Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензияның қолданысының тоқтатылуы;

4. Негізі мүшелік немесе нысаналы жарналарды төлеуді талап ету адвокатты алқа мүшелігіне қабылдаудан бас тарту себебі бола алмайды.

5. Алқа мүшелігіне қабылдаудан бас тарту мүдделі тұлғамен бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бір ай ішінде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағымданылуы мүмкін.

6. Алқадан шығарылып, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясын сақтап қалған тұлғаны Алканың мүшелігіне қабылдау шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін жүзеге асырылады.

4.2. Алқа мүшелігін мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібі

1. Алқадағы мүшелік Төралқамен адвокаттың адвокаттық қызметті уақытша тоқтату туралы өтініші негізінде:

1) жүктілік демалысы немесе үш жасқа толғанға дейінгі бала күтімі;

2) Еңбекке жарамыздықтың бірінші күнінен бастап еңбекке жарамдылығы қалпына қелгенге дейін кетарынан екі айдан астам уақыт уақытша еңбекке жарамсыз болуы салдарынан немесе мүгедектік белгілегенге дейін не Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес кәсіби еңбекке жарамыздық белгіленге дейін адвокаттық қызметпен айналыса алмауы;

3) Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 2 және 3 - тармағына сәйкес оның лицензиясының қолданылуын тоқтатыла тұру кезеңінде тоқтатыла тұрады.

2. Жарғының осы тарауының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мүшелікті уақытша тоқтату кезеңінде Төралқа алқа мүшесін мүшелік жарналар мен нысаналы төлемдерді төлеуден босатады.

3. Алқа төралқасымен адвокаттың алқаға мүшелігі мынадай жағдайларда:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылғанда;

2) адвокат өз міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін ерескел не бірнеше рет бұзғанда;

3) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындаі алмайтыны анықталғанда;

4) мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемегенде;

5) коммерциялық ұйымның байқауши кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге ақы төленетін қызметпен де айналысқанда;

6) өз еркі бойынша;

7) адвокат қайтыс болғанда тоқтатылады;

4. Адвокатты адвокаттар алқасынан осы тараудын 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша шығару адвокаттың қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуға алып келеді.

5. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтатуға адвокаттар алқасының төралқасы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. АЛҚА ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТИ

5.1. Алқа мүшелерінің жалпы жиналысы

1. Адвокаттар алқасының органдары мыналар:

1) жоғары орган – мүшелердің жалпы жиналысы (конференциясы);

2) атқарушы орган – төралқа;

3) бақылау органы – ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының органдары болып табылады.

2. Адвокаттар алқасының жоғарғы органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) болып табылады (бұдан әрі - Жалпы жиналыс (конференция)).

Жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыretіне:

1) адвокаттар алқасының жарғысын және оған өзгерістер мен толыктырулар енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) адвокаттар алқасының төралқасын, төралқа төрағасын, ревизиялық комиссиясын, ревизиялық комиссия төрағасын, тәртіптік комиссиясын, адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының төрағасын сайлау;

3) адвокаттар алқасының жарғысында көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасының басшылары мен жұмыскерлерінің қызметі туралы есептерді тындау және бекіту;

5) адвокаттар алқасының төралқа мүшелерін, төралқа төрағасын, басқа да сайланбалы органдарының мүшелері мен төрағаларын мерзімінен бұрын кері шақырып алу;

6) тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметтің ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді;

7) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есепті бекіту жатады.

3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы санының немесе тиісінше, адвокаттар алқасы мүшелері конференциясының сайланған делегаттары құрамының үштен екісі болған кезде шешімдер кабылдауға құқықты.

4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) адвокаттар алқасының төралқасы кемінде жылына бір рет шақырады.

Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы отыз күн ішінде адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақыруға міндettі.

5.2. Адвокаттар алқасының төралқасы

1. Адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адамдар адвокаттар алқасының төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және занды тұлғаларға заң көмегін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген жағдайларда, адвокаттар бюджет қаражаты есебінен көрсететін, мемлекет кепілдік берген зан көмегін көрсете жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақырады және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) адвокаттардың кәсіптік және өзге де құқыктарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) адвокаттардың қызметі туралы олардың қорытылған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

6) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның жүтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және енбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан көліп түскен шағымдарды (ұсынуларды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) адвокаттарға атtestatтау жүргізуді және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) осы Заңда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа катысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сактаудың қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқа адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы акпараттың адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырылуын және бұкаралық зертпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

12) он жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

13) кодификациялық-анықтамалық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлейді және басып шыгарады;

14) заң консультацияларын құрады, олардың менгерушілерін лауазымға тәғайиндайды және лауазымнан босатады;

15) нысанын Республикалық адвокаттар алқасы бекітетін адвокат куәлігін береді;

16) адвокаттар алқасының қаражатына жарғыда айқындалған және адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналышы (конференциясы) айқындаған тәртіппен билік етеді;

17) бухгалтерлік есепке алууды, қаржылық есептілікті, іс қағаздарын жүргізуі және бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

18) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

19) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналышының (конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

5.3. Төралқа төрағасы

1. Сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының жүшесі болған адвокат адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып сайланады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам бір мерзімнен артық адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы лауазымын атқара алмайды.

2. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы алқаның жарғысына сәйкес:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқа, адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді, адвокаттар алқасы аппаратының жұмыскерлерін жұмыска қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген, сондай-ақ шығарылу себептерін көрсете отырып, адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған лицензиаттар туралы мәліметтердің лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқасының қызметі туралы есептің Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есептің аумақтық әділет органына уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

5.4. Алқаның ревизиялық комиссиясы

1. Алқаның ревизиялық комиссиясы алқа мен оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын Алқаның органы болып табылады.

2. Алқаның ревизиялық комиссиясы Алқа мүшелерінің қатарынан құрылуы мүмкін. Ревизиялық комиссияның мүшелері адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Алқаның ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Алқаның ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.

3. Алқаның ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) екі жылдан аспайтын мерзімге сайланады және алқаның жоғары басқару органына есеп береді.

Дәл сол бір адам Алқаның ревизиялық комиссиясы құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

4. Алқаның ревизиялық комиссиясының кез келген уақытта адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар. Алқаның органдары Алқаның ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша тексеруте қажетті құжаттарды ұсынуға және ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндettі.

5. Ревизиялық комиссия Алқаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепке міндettі түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижелерін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырады.

6. Ревизиялық комиссия Алқа мүшелерінің кезекті жалпы жиналышына (конференциясына) есеп ұсынады.

5.5. Адвокаттық әдеп бойынша комиссия

1. Адвокаттық әдеп бойынша комиссиясы адвокаттар мен тағылымдамадан етушілердің кәсіби және этикалық мінез-құлық нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, алқаның, Республикалық адвокаттар алқасының және олардың органдарының ішкі құжаттарында көзделген өзге де талаптарды сактай отырып, қадағалау үшін құрылған.

2. Адвокаттық әдеп жөніндегі комиссияны Жалпы жиналышта (Конференцияда) төрт жыл мерзімге ашық дауыс беру арқылы сайлайды. Адвокаттық этика комиссиясының сандық құрамын Жалпы жиналыш (Конференция) анықтайды.

Адвокаттық әдеп жөніндегі комиссияның Төрағасы Жалпы жиналыш (Конференция) арқылы сайланатын адвокаттық комиссиясының сайланған мүшелері арасында ашық дауыс беру арқылы сайланады.

3. Адвокаттық әдеп жөніндегі комиссияның рәсімі мен өкілеттіктері Жалпы жиналышта (Конференция) бекітілген ережемен реттеледі.

5.6. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы

1. Адвокатты тәртіптік жаупалылыққа тартуды адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналышы (конференциясы) сайлайтын және оған есеп беретін, адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндettі сипаты болады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының құрамына адвокаттар алқасының ұсынуы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар алты адвокат, әділет органдары ұсынған жүртшылықтың үш өкілі, отставқадағы екі судья енгізіледі.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады.

Дәл сол бір адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жүзушшылықта тарту рәсімін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды қарайды.

2. Тәртіптік істі адвокаттардың тәртіптік комиссиясы бұзушшылық анықталған жүннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарайды.

3. Тәртіптік істі қарau кезінде адвокаттардың тәртіптік комиссиясы өзінің отырыстарына шағымдар жолдаған тұлғаларды, сондай-ақ адвокаттар алқасының жағдайларіне катасты шағымдар қаралатын мүшелерін шақыруға міндettі.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуі қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оның міндettі түрде қаралуы әділет органы өкілінің катысуымен жүзеге асырылады.

Қарau уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген тұлғалардың келмеуі тәртіптік іс жүргізуі қарauға кедергі болмайды.

4. Адвокаттың осы Заңын, Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқаларының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті деректердің болуы тәртіптік іс жүргізуі қозғауға негіз болып табылады.

5. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокатқа мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) осы Жарғының 4.2. тарауының 3 тармағында көзделген негіздерде және тәртіпте адвокаттар алқасынан шығару.

6. Адвокаттың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза ол анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын, бірақ ол жасалған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік істі қарau нәтижелері бойынша тәртіптік комиссия адвокаттар алқасының мүшесін анықталған бұзушшылықтарды жоюға міндettейтін және оларды жою мерзімдерін белгілейтін нұскама шығара алады.

7. Осы тараудың 5-тармағында көзделген шешімдер адвокаттардың тәртіптік комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Егер адвокаттардың тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

8. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасының мүшесіне катасты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде адвокаттар алқасы осы шешімнің көшірмесін оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, адвокаттар алқасының мүшесіне, сондай-ақ шешім қабылданған шағымды жолдаған адамға жібереді.

9. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешіміне Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтылуы мүмкін.

**10. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелері адвокаттар
алқасының интернет-ресурсында орналастырылады.**

6. ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯСЫ

**1. Азаматтардың заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін адвокаттар
алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң
консультацияларын құрады.**

**2. Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі
(филиалы) болып табылады. Оның өз атауы және тиісті адвокаттар алқасына
несілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге
атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы
жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.**

**3. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы
айындауды.**

**4. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындастырылған
менгеруші басқарады.**

7. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ МҮЛКІ

**1. Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасының мүшелері төлейтін
жарналар (мүшелік және нысаналы), гранттар және Қазақстан Республикасының
заннамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін
қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.**

**2. Адвокаттар алқасының ортақ мұқтаждарға арналған шығындарына оны
материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйакы беруге арналған шығыстар
және олардың адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты
шығыстардың өтемақысы, адвокаттар алқасы аппараты жұмыскерлерінің
жалақысына жұмсалатын шығыстар және Қазақстан Республикасының заннамасы
мен адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.**

**3. Мүшелік жарналар адвокаттардың Алқадағы жұмысымен байланысты
шығындарды өтеу және ақы төлеу үшін жұмсалады.**

**4. Нысаналы жарналар Алқаның қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін
ғана жұмсалады.**

8. МУШЕЛІК ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

**1. Мүшелік және нысаналы жарналар адвокаттармен алатын табысына
қарамастан Жалпы Жиналыс (Конференция) белгілеген көлемде Алқага ай сайын
қолма-қол тәртіpte төленеді.**

**2. Тағылымдамадан өту үшін белгіленген жарналар тағылымдамадан
өтушілермен Жалпы Жиналыс (Конференция) белгілеген көлемде Алқага ай сайын
қолма-қол тәртіpte төленеді.**

**3. Кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан
аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы
мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді;**

9. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІ

1. Осы тараудын 2 тармагында көрсетілген тұлғаларға, клиентті заң көмегін өтініш жасаған кезінен бастап Қазақстан Республикасының заңдарында әзделген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдай шешілгенге) дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз көмегін шартқа сәйкес көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді.

2. Кешенді әлеуметтік заң көмегі адвокаттармен мыналарға:

- 1) «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірлік киын жағдайда жүрген адамдарға;
- 2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;
- 3) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға;
- 4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге;
- 5) жасына байланысты зейнеткерлерге;
- 6) карттар мен мүгедектерге арналған жалпы типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектерге;
- 7) киын әлеуметтік және қаржылық жағдайда жүрген өзге де адамдарға көрсетіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шенберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

10. Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету және соттың, қылмыстық қудалау органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін адвокаттар арасында бөлу тәртібі

1. Алқа адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын қамтамасыз етеді.

Алқа жыл сайын бірінші желтоқсаннан кешіктірмей Манғыстау облысының әділет департаментіне мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін жібереді.

2. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысу үшін адвокаттарды іріктеудің өлшемшарттарын Республикалық адвокаттар алқасы бекітеді.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттар тізіміне қосудың артықшылыкты құқығы кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсететін адвокаттарға беріледі.

Тізімде адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні, адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысаны, адвокаттық қызметтің атауы және оны жүзеге асыру орны көрсетіледі.

4. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттардың тізімін кезең-кезеңімен жаңартып отырады және жаңартылған күйде ұстайды.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне катысатын адвокаттардың тізімі заң көмегінің бірынғай ақпараттық жүйесінің көмегімен автоматты түрде қалыптастырылады. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүзеге асырылады.

5. Құқықтық консультация беру түріндегі, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету өтініш иесі өтініш жасаған кезде бірден адвокаттың қызметтік үй-жайында жүзеге асырылады. Заң көмегін өтініш иесі өтініш жасағаннан кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуге тиіс. Адвокат өтініш иесіне қабылдау күні мен уақыты туралы мемлекеттік мәдениеттік нысанда хабарлайды.

6. Егер өтініш иесі жүріп-тұруындағы кындықтарға байланысты ауыр мәншектескендегі немесе өзге де мән-жайлар салдарынан адвокат белгілеген қабылдау орнына келе алмайтында жағдайда болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде жүргізіледі.

Тұлға сол бір мәселе бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады.

7. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алууды осындай көмек ұсынған адвокат уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді.

8. Адвокаттар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей, адвокаттар алқасына өздері көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есеп ұсынады. Есептің нысанын уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып бекітеді.

9. Алқа жыл сайын бесінші шілдеден және бесінші қантардан кешіктірмей Манғыстау облысының әділет департаментін уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып бекітетін нысан бойынша адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есеп ұсынады.

Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасының жиынтық есебінде ауылдық елді мекендердің мемлекет кепілдік берген заң көмегімен қамтамасыз етілуі туралы акпарат қамтылады.

10. Мұқтаж адамдар Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және орналасқан жеріне қарамастан алуға құқылы.

11. Адвокат «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Занының 29-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекет кепілдік берген құқықтық көмек көрсетуден бас тартуға құқы жок.

12. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

14. Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

15. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі уәкілетті орган айқындайтын мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу қагидаларында белгіленеді.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне, іссапарлық, көліктік шығыстарға ақы төлеу және оның құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге байланысты басқа да шығыстарын өтеу қылмыстық қудалау органдарының қаулылары және соттардың үйғарымдары бойынша жүргізіледі.

11. Адвокаттарға атtestаттау жүргізу тәртібі туралы ереже негізінде адвокаттарға атtestаттау жүргізу тәртібі

1. Адвокаттарды атtestаттау адвокаттық қызметте кемінде 5 жыл тәжірибесі бар Алқа мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы 4 жылға сайланатын атtestаттау комиссиясымен жүргізіледі.

Атtestаттау комиссиясының сандық құрамы Жалпы жиналыспен (Конференция) анықталады.

Атtestаттау комиссияның төрағасы Жалпы жиналыс (Конференция) арқылы атtestаттау комиссиясының сайланған мүшелерінен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

2. Адвокаттарды атtestаттау «Адвокаттарға атtestаттау жүргізу тәртібі туралы» ереже сәйкес мерзімде және тәртіпте жүргізіледі.

12. АДВОКАТТАРДЫҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПТЫЛЫГЫ

1. Адвокаттың Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқаларының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті деректердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болып табылады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың, адвокаттардың іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне, соттың жеке қаулыларына (анықтамаларына), адвокаттың, тындаушының қызметін тексеру материалдарының өтініштері Тәртіптік іс қозғау үшін негіз болып табылады.

3. Адвокатқа қатысты тәртіптік іс қозғау туралы шешім адвокаттардың Республикалық конференциясы мақұлдаған Тәртіптік комиссия туралы Ережеде көзделген тәртіппен көрсетілген мерзімде Жалпы жиналыстың (Конференцияның), Төралқа немесе Төрагасының шешімі бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4. тәртіптік жауапкершілігі адвокаттар үшін қарастырылған негіздерде және ~~жеке~~ органмен келісім бойынша және Қазақстан Республикасының еңбек ~~жекесінен~~ зерттеу міндеттерінің тағылымдамадан өту тәртібі турали ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Тәртіптік іс жүргізудің максаты адвокаттардың іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) бойынша соттардың жеке шешімдері (анықтамалары), шағымдарды, баяндамаларды, ~~жеке~~ органдарының және басқа да ұйымдардың (бұдан әрі - апелляциялар) ~~жекесінен~~ тәртіптерінің уақтылы, объективті және әділ түрде қарауы болып табылады.

6. Тәртіптік істін мәні қоғамдық пікірдегі адвокаттың намысына және ар-~~затына~~ кір келтіретін, мамандыктың қадірін және адвокатураның абыройын ~~жекесінен~~ адвокаттың әрекеттері (әрекетсіздіктері), адвокаттық қызметті жүзеге асырган кезде лайықсыз мінез-құлық фактілері, адвокаттың кәсіптік міндеттерін немесе не Алқа органдарының шешімдерін орындау болып табылады.

13. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУҒА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗЫН ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕ ӨТІНІШХАТ ҚОЗҒАУ ТӘРТІБІ

1. Төралқа адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру турали талап қою арызын дайындау жөніндегі өтінішхатты мынадай жағдайларда қозғауға міндетті:

1) адвокат кәсіптік міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының зерттеу міндеттерін, заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдел кодексін өрескел не бірнеше рет бұзғанда;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындауы мүмкін болмаған;

3) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайдану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге де акы төленетін қызметпен де айналысқанда «Адвокаттық қызмет және заң көмегі турали» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде бұзғанда

4) адвокаттың лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес немесе қасакана бұрмалаған акпарат ұсыну фактісі анықталғанда;

5) қатарынан отыз алты ай ішінде лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі турали» Заңының 43-бабы 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша үш рет тоқтатыла тұрған жағдайларда, лицензиардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Алқа адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензияның қолданысын таралу туралы хабардар етіледі.

14. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ТАРАТУ ТӘРТІБІ

1. Алқаны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Занда және өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

Қайта ұйымдастыру, сондай-ак Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Алқа таратылуы мүмкін:

- Жалпы жиналыстың шешімімен;

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша.

3. Алқа сот шешімі бойынша немесе Жалпы жиналыс (конференция) шешімімен таратқан жағдайда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен таратылады.

4. Алқаны тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, тарату Жалпы жиналыс (конференция) шешімімен Тарату комиссиясымен құралады.

5. Алқаның мүлкіне және жұмысына басшылық жасау үшін барлық екілеттіктерді тарату комиссиясына беріледі. Тарату комиссиясы алқа атынан сотқа жүгінеді.

Тарату комиссиясы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында алқа таратылатыны туралы және оның кредиторларының қоятын талабы жөнінде жариялайды.

Талап қою мерзімі алқаны тарату туралы хабарлама жарияланған күннен бастап екі айдан кем болмауга тиіс.

6. Кредиторлармен есеп айырысу біткеннен кейін Тарату комиссиясы Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы бекітетін тарату тенгерімін жасайды.

15. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ ТАРАТЫЛҒАН КЕЗДЕГІ МУЛІКТІҢ ТАҒДЫРЫ

1. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік Тарату комиссиясының шешімі бойынша негізгі қызметі жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңды мұдделерін коргау болып табылатын коммерциялық емес ұйымға беріледі.

16. ҚОРЫТЫНДЫ

1. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар Жалпы жиналыстың Конференцияның шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.
2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Коллегия адвокатов Мангистауской области (*далее – Коллегия*) создана в соответствии с пунктом 3 статьи 50 Закона Республики Казахстан от 5 июля 2018 года «Об адвокатской деятельности и юридической помощи».

2. Наименование Коллегии:

- на государственном языке:

«Манғыстау облысының адвокаттар алқасы» адвокаттар алқасы;

- орыс тілінде:

Коллегия адвокатов «Коллегия адвокатов Мангистауской области»;

Место нахождения Коллегии адвокатов: 130000, Республика Казахстан, Мангистауская область, город Актау, 5 мкр., 7 дом, кв. 16.

3. Специальное разрешение государственных органов на создание Коллегии не требуется.

Срок деятельности Коллегии не ограничен.

4. Коллегия является юридическим лицом и действует на основании Конституции Республики Казахстан, законов Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», «О некоммерческих организациях», иных законодательных актов Республики Казахстан и настоящего Устава.

5. Коллегия не вправе создавать свои структурные подразделения (филиалы и представительства) на территории другой области, города республиканского значения, столицы.

6. Коллегия имеет самостоятельный баланс, расчётные валютные и иные счета в банках, круглую печать, штампы и бланки с указанием своего наименования на государственном, русском, английском языках и эмблему, утвержденную общим собранием (конференцией) членов Коллегии (*далее – Общее собрание /Конференция*).

7. Коллегия адвокатов не несёт ответственности по долгам и обязательствам членов Коллегии. Члены Коллегии не несут ответственности по долгам и обязательствам Адвокатовколлегии.

8. Коллегия входит в состав Республиканской коллегии адвокатов в порядке и на условиях, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи».

2. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОЛЛЕГИИ

1. Коллегия является некоммерческой, независимой профессиональной, самоуправляющейся и самофинансируемой организацией адвокатов, создаваемой для оказания квалифицированной юридической помощи физическим и юридическим лицам, выражения и защиты прав и законных интересов адвокатов, выполнения иных функций, установленных Законом Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» и настоящим Уставом.

2. Предметом деятельности Коллегии являются содействие реализации гарантированных государством и закрепленных Конституцией Республики Казахстан прав человека на судебную защиту своих прав, свобод и получение юридической помощи и мирному урегулированию споров.

